

Железин ауданы Ақтау ауылдық округі Ақтау ауылының аумағында карантин белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железин ауданы Ақтау ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 7 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 қыркүйекте № 6955 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Железин ауданы Ақтау ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Железин ауданы Ақтау ауылдық округі әкімінің 06.01.2021 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Железин ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 20 қыркүйектегі № 1-13/285 ұсынысы негізінде, Ақтау ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Железин ауданы Ақтау ауылдық округі Ақтау ауылының аумағында жоғары патогенді құс тұмауының анықталуына байланысты карантин белгіленсін

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтау ауылдық округінің әкімі

Ж. Орынтаева